

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Тарих,
археология және этнология факультеті, археология, этнология және
музеология кафедрасының «6D020800 –Археология және этнология»
мамандығы бойынша PhD докторантты Терекбаева Жазира
Махмудовнаның «Қазақ халқының дәстүрлі көлік жүйесі (XVIII – XX
ғасырдың басы)» атты диссертациялық зерттеу жұмысына берілген
отандық кенесшінің**

ПІКІРІ

Барлығымызға мәлім, дәстүрлі көлікпен коммуникация қоғамның мәдениетінің маңызды бөлігі болыпта былады. Дәстүрлі көлік катынастары материалдық мәдениеттің басқа да элементтері ерекшеліктерімен қызығушылық тудырады. Көлік мәдениеті қоғамның санасы мен өзін-өзі тануын, қоғамға бағдарланған құндылықтың түрлі көріністерін көрсетеді. Сонымен қатар, көлік құралдары кез келген халықтыңжәне басқа да халықтардың этникалық тарихының, экономикалық және мәдени байланыстарындағы дәстүрлі немесе жаңа (инновациялық) белгілерін көрсетеді. Материалдық мәдениет жүйесінде кіші жүйелердің бірі бола отырып, дәстүрлі көлікте кем дегенде төрт – технологиялық, функционалдық, әлеуметтік және символикалық аспектілері байқалады.

Ж.М. Терекбаевың ұсынып отырған диссертациясында аталмыш басты құндылықтар нақты зерттелген. Зерттеу жұмысы XVIII – XX ғасырлардың бас кезіне дейінгі қазақ халқының дәстүрлі көлік түрлерін, колданыс аясын, тұрмыс-тіршіліктегі маңызы, қазақ халқына ата-бабасынан , мирас болып жету жолдарын, көлік түрлерінің халық өмірінен алатын орны мен маңыздылығын, аймақтық және маусымдық ерекшеліктері қарастырған. Қарастырылған кезеңде сондай-ақ су көлігінің түрлері дамып, өзен-колдерде катынас үшін, сауда-саттықта, балық шаруашылығында және адам тасымалы үшін үлкен сұраныста болған.

Қазақ халқының әр түрлі өнірде аймақтық ерекшеліктерге қарай қалыптасқан тарихи-мәдениеті, дәстүрлі шаруашылықты жүргізу ерекшеліктері, материалдық және рухани мәдениеті аса күрделі ғылыми зерттеулер катарына жатады. Бұғінгі таңдағы отандық этнология ғылымындағы теориялық-практикалық таным – тарихи-мәдени мұрамызды ұлттық мұдде тұрғысынан, халқымыздың өткені мен бүгінгісінің сабактасып, астасып жатуын, халық жадындағы «ұлттық код» ретінде танылатын мұрамыздың жаңарып жатуын талап етеді. Қазақ халқы Ұлы Дағы Елін ғасырлар бойына мекен еткен атақақтардың тарихи танымдарын қабылдап, көптеген үрдіс-дәстүрлерін қазіргі заман ұрпақтарына сактап жеткізген, атадәстүрді жалғастырып отырған ұрпақ болып табылады.

Диссертацияда қазақ халқының этномәдени, этношаруашылық тенденциясы сиякты тақырыптарды біріктіре саралай отырып, біртұтас, кешенді ғылыми зерттей отырып, белгілі бір жекеленген тақырыбының кырсырын ашу үшін, қазақ жерінің әр аймағында өмір сүрген қазақтардың

аймақтық ерекшелігін негізге ала отырып, тарихи-этнографиясын ғылыми-теориялық, ғылыми практикалық қырынан игерген.

Ж.М. Терекбаевың диссертация жұмысының бірінші тарауы казак жеріндегі дәстүрлі көліктердің зерттелуі, калыптасу тарихы және көліктердің жалпы және ішкі типологиясын қамтиды. Тарауда көліктің генезисін анықтау мақсатында археологиялық қазба жұмыстары мен жартас бетіндегі петроглифтердің табылымдары негізінде қарастырылған. Көлік жүйесінің жалпы және ішкі типологиясы жасалған. Көне көліктер қатысты жазба деректер қоры жинақталып, жүйеленді, көне көліктердің зерттелу деңгейіне, тарихнамасына сараптау жасалып, ғылыми жүйелендірілген.

Диссертацияның екінші тарауында дәстүрлі көлік жүйесі және оның тіршіліккамы функциясы, яғни көліктік малдардың колданыс аясы мен функциясы, арба және күйменің тұрмыстық маңызы, сүйретпелер мен шана түрлерінің қолданыстық ерекшеліктері зерделенген. Сонымен қатар су көліктерінің өзіндік ерекшеліктері, солардың ішінде сал, мес сал, қайық және кемелердің түрлері мен олардың атқаратын қызметі, тұрмыстық және шаруашылық тұрғыда пайдаланудағы ерекшеліктері анықталған.

Басқа түркі тілдес халықтардың дәстүрлі қатынас-құралдарымен ортақ белгілері, ерекшеліктері анықталды, бір-бірімен салыстырылып, сараптама жасалынды, түйе малының адам өміріндегі күш көлігі ретіндегі маңыздылығы, ат-жылқының мініс көлігі ретінде пайдаланудағы ерекшеліктері талданған.

Сүйретпелі қатынас көлік түрлеріне қатысты дерек корлары жинақталып, атальыш көлік түрлерінің аймақтық ерекшеліктері жөнінде информаторлардан маңызды ақпараттар алынған.

Ізденушінің диссертацияда жасаған тұжырымдары мен қорытындылары көптеген мұрағаттық, статистикалық материалдар, ең негізгісі – ел арасынан жинаған материалдарына және т.б. дерек көздеріне сүйене негізделіп, ғылыми айналымға енгізілген.

Докторант, диссертациялық зерттеу жұмысын жазу барысында PhD бағдарламасы бойынша Гази университетінде ғылыми іссапарда болып қайтты. Атальыш университет кітапханасы мен оның сирек құжаттар корында жұмыс істеп зерттеу тақырыбына, соның ішінде су көліктеріне қатысты көптеген деректерді пайдаланып, зерттеу жұмыстарын жүргізген. Зерттеу жұмысының алдына койған мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес тақырыпқа тікелей немесе жанама қатысы бар ғылыми еңбектер мен докторанттың дербес жинаған этнографиялық деректері мен құжаттары тақырыптың өзектілігін айқындайды.

Докторант Ж.М. Терекбаева зерттеу жұмысының ғылыми мәселелері мен оның ғылыми нәтижелері бойынша ҚР БФМ Білім және ғылым саласындағы Жоғарғы аттестаттау комитеті бекіткен ғылыми журналдар мен шетелдік және отандық ғылыми конференциялардың жинақтарында жалпы саны 11 ғылыми мақала жариялады. Оның ішінде, Қазақстан Республикасы БФМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитеті тарапынан бекітілген ғылыми журналдарда төрт мақала жарыққа шықты. Республикалықдағы

ғылыми орталыктар мен ЖОО-да ұйымдастырылған халықаралық және республикалық ғылыми конференция жинақтарында төрт ғылыми баяндама жасалды. Сондай-ақ, шетелдік журналдар мен конференциялар жинақтарында екі ғылыми макала, оның ішінде бір макала «Scopus», «Thomson Reuters» халықаралық деректемелер базасының құрамындағы журналда жарияланды.

Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелерін жоғары бағалай отырып жұмысқа көрсетілетін ескертулер мен ұсыныстар мынандай:

Қазак халқының дәстүрлі көлік қатынастарын қарастырганда аймақтық ерекшеліктері әлсіз көрсетілген.

Дегенмен де бұл айтылған ескертпе зерттеу жұмысының құндылығын түсірмейді және ол келешекте аткарылатын ғылыми жұмыстарға арқау болатынына сенімім мол. Терекбаева Жазира Махмудованың жасаған ғылыми тұжырымдары мен ұсынған жаңалықтары және зерттеу жұмысының құрылымына жақсы деген баға беремін.

Корыта айтқанда, докторанттың зерттеу жұмысының құрылымы мен мазмұнында жүйелілік пен сабактастық принциптері толық сақталған. Соның негізінде мәселенің өзара ішкі байланысы мен зерттеу тұластығы жоғалмаған. Нәтижесінде зерттеу жұмысының ғылыми маңыздылығы арта түскен. Осындай ғылыми нәтижелерді ескере отырып докторант Терекбаева Жазира Махмудовнанын «6D020800 – Археология және этнология» мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысын толық аякталған дербес зерттеу жұмысы деп есептеймін. Сондықтан диссертациялық жұмысты әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университеті Тарих, археология және этнология факультеті, археология, этнология және музеология кафедрасы мәжілісіндегі талқылауға ұсынамын.

Отандық кеңесшісі,
т.ғ.д., профессор

Калыш А.Б.

РАСТАЙМЫН

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғылыми кадрларды
даиралы және аттесттатту басқармасының басшысының

ЗАВЕРЯЮ

Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби

Р.Е. Кудайбергенова

« » 20

